

2018 - 2021 оқу жылдарындағы №13 колледждің жетістіктері

2017 жылы ТЖКБ мекемелерінің білім алушылары арасында өткізілген "Жыл шебері -2017" аймақтық чемпионатында инновациялық жобалар бойынша жоғары деңгейлі шығармашылығымен танылып ІІІ дәрежелі диплом

2018 жылы Сарыағаш ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" КММ ұйымдастыруымен Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығына орай, тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті насихаттау жандандыру мақсатында ұйымдастырылған "Көркем сөз оқу шебері" байқауына №13 колледжден "Дәнекерлеу ісі" мамандығының І-курс №06 топ студенті Нартбаев Құдияр мен "Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу" мамандығының ІІ-курс №89 топ студенті Қалтұрсынова Гүлжанат қатысып, көрсеткен жоғары дәрежедегі көркем сөз шеберлігі үшін алғыс хатпен марапатталды. Байқау екі кезең бойынша көркем сөз шеберлері сынға түсті. М.Жұмабаевтың және қазақтың белгілі ақын-жазушыларының көркемдігі жоғары прозалық шығармаларынан үзінді айтып, М.Жұмабаевтың поэзиялық шығармаларынан үзінді оқып берді.

2018 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру" бағдарламасында, "Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған.

Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады" дегендей, бірлік пен ынтымақтың нәтижесінде, Абай ауылындағы №13 колледждің ерікті жастары ауыл аумағындағы арық-атыздарды, күл-қоқыстарды тазалап, саябақтың айналасын, Араншы арықтың айналасындағы қоқыстарды тазалап, сенбілік ұйымдастырылды.

2018 жылы Сарыағаш ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" КММ ұйымдастыруымен өткен "Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы" атты Абай оқулары аудандық байқауға №13 колледжден "Дәнекерлеу ісі" мамандығының І-курс №06 топ студенті Нартбаев Құдияр қатысып, көрсеткен жоғары дәрежедегі көркем сөз шеберлігі үшін алғыс хатпен марапатталып, ІІІ-орынға ие болды. Байқау екі кезең бойынша жас ақындар сынға түсті. Қазақтың белгілі жазушыларының көркемдігі жоғары прозалық шығармаларынан үзінді оқу, қазақтың белгілі ақындарының көркемдігі жоғары поэзиялық шығармаларынан үзінді оқып берді. Нартбаев Құдияр прозалық шығармаға Абай Құнанбаевтың бірінші қара сөзін айтып берді, поэзия бойынша М.Шахановтың Отырар дастанынан үзінді оқып берді.

2018 жылы ОҚО Білім басқармасының ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік білім мекемелерінің білім алушылары арасында өткізілген "World Skills-2018" облыстық чемпионатына №13 колледжден 3 мамандық бойынша: "Дәнекерлеу ісі" ІІІ курс студенті Әбдіхахар Нұрболат, "Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу" мамандығынан ІІ курс студенті Кужемкулова Айжан, "Аспаз ісі" мамандығы бойынша Хонхужаев Азизхон қатысып, инновациялық жобалар бойынша жоғары деңгейлі шығармашылығымен танылып, жетекшілерімен бірге марапатталып, өз белсенділіктерін көрсетті.

2018 жылы Қазақ халқының мәдениетін, тілін және салт-дәстүрін насихаттау және дамыту, жастардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату мақсатында ауданымыздың ару қыздарының арасында "Сарыағаш аруы-2018" сұлулар байқауы болып өтті. Сайысқа №13 колледжден "Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу" мамандығының ІІ-курс студенті Умарова Жазира қатысып, өз өнері мен парасаттылығын көрсетіп, белсенділікпен көзге түсті.

2018 жылы Сарыағаш ауданы әкімінің кубогы үшін жастар арасында өткен жайдарман финал ойынында №13 колледждің "Ерекше жандар" жайдарман тобы ІІ-орын иеленді...

2018 жылы №13 колледж - Сарыағаш ауданында "Үздік колледж" Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 26 жылдығына арналған Сарыағаш ауданы әкімшілігінің залында өткен жиында Қ.Қыстаубевтың қатысуымен "Үздік колледж" алғыс хатымен №13 колледж марапатталды. Еліміздің

жастар саясатын жүзеге асыруға атсалысып, жастардың белсенділігін арттыруға, жан-жақты қабілетін шыңдауға бағытталған шараларды ұйымдастыруға қосқан үлесі үшін "Үздік колледж" алғыс хатымен және "Жастар жанашыры" тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Қожабеков Бауыржан марапатталды. Бізге қолдау білдірген Сарыағаш ауданы ішкі саясат бөліміне және ұсынғаны үшін Жастар ресурстық орталығына алғысымызды білдіреміз...

«КОЛЛЕДЖ АРУЫ-2018»

Бүгін №13 колледжде көктем мерекесіне арналған жастар істері жөніндегі комитеті мен көркемөнерпаздар үйірмесімен бірлесіп «Қыз – ұлт айнасы» тақырыбында «Колледж аруы-2018» байқауы өткізілді. Байқау «Мен қазақтың қызымын» өздерін таныстырып, өнер сайысында өздерінің керемет өнерлерін көрсетіп, «Ситуациялық жағдайттар» сұрақ-жауап алынып, шаш үлгісін жасап көрсетіп, «Бармағынан бал тамған» (қамыр жайып) сияқты кезеңдерден өтті.

«Мен қазақтың қызымын» кезеңінде арулар жиналған қауымға өздерін таныстырды. Қазылар алқасы, сондай-ақ олардың сахнада өзін-өзі ұстай білу мәнері мен ұлттық киім үлгісіне мән берді. «Ақыл жастан, асыл - тастан шығады» күнделікті ситуациялық жағдайаттардан қалай шығу керектігін айтып, салт-дәстүрлер мен мақал-мәтелдерді білу бойынша білім деңгейлері бағаланса, «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы» сайысында көрермендер қатысушылардың ән айту, би билеу, мәнерлеп өлең оқу шеберліктеріне тәнті болды. Қызықты әрі тартысты өткен байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені «Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу» мамандығының II-курс студенті Умарова Жазира иеленіп, арнайы дипломмен марапатталды. Шараның мақсаты: қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт - дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

2018 жылы ТжКБ ұйымдарының арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері арасында өткізілген «Үздік механизатор-2018» байқауында I-орын иегері өндірістік оқыту шебері Қобланов Қозыбағар

"Ең үздік топ-2018"

№13 колледжде топ аралық I-II курстар арасында «Жылдың ең үздік топ-2018» байқауы болып өтті. Оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту мақсатында өткен сайыста I-II курстың оқушылары теориялық білімдері мен практикалық білімдерін ұштастырып, логикалық ойлау, шапшаңдық, ізденімпаздық және іскерлік қасиеттерін, біліктілігі мен дағдыларын бағалап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұрақтарға жауап берді. Алдыңғы өткен сайыстан суырылып алға шыққан 3 топ (I - II курстар арасынан) қатысып, алты топ білімдерін сынға салды. Нәтижесінде: III орын I-курс, №06 топ "Дәнекерлеу ісі", II орын №85 топ, II-курс "Фермер шаруашылығы", №89 «Тігінші» тобы I орынға ие болды.

2018 жылы Түркістан облысының Білім басқармасы ұйымдастыруымен өткен «Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры» аясында колледж студенттері арасындағы өткізілген «Желбіресін көк байрағым мәңгілік» атты патриоттық әндер байқауында №13 колледж студенті Жүзбай Мөлдір жүлделі III орынды жеңіп алды. Басқарма басшысы Исатай Сағындықовтан диплом алды. Жетекшісі, жастар істері жөніндегі инспектор Мамбетов Ербол Әбдіманапұлы алғыс хатпен марапатталды.

2018 жылы Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының қаржы-экономикалық көрсеткіштері бойынша саралау нәтижесінде, мемлекеттік кәсіпорындары арасындағы алтын рейтинг **«Гордость Образования-2018»** атағымен марапатталды.

2018 Түркістан облысының Білім басқармасы ұйымдастыруымен өткен «Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры» аясында колледж студенттері арасындағы өткізілген «Желбіресін көк байрағым мәңгілік» атты спорттық ойындар байқауында №13 колледж студенттері «Баскетболдан» II орынды жеңіп алды. Жетекшісі Тоқболатов Нүркен Рүстемұлы алғыс хатпен марапатталды.

2018 жылы «Халық мұрасы-халық қазынасы-2018» атты қолөнер шеберлерінің көрме-жәрмеңкесіне белсене қатысқаны үшін Өндірістік оқыту шебері Абжаппарова Құралай марапатталды.

2019 жылы «Үздік сәнгер дефиле-2019» сайысында II-орын.

«Үздік тігінші-2019» байқауында «креативті шебер» номинация иегері арнайы пән оқытушысы Маемерова Малика

2019 жылы «Үздік автомеханик-2019» байқауына белсене қатысқаны үшін III-курс студенті Анарбай Ерұлан

2019 жыл. «Түркістан ART Fest» атты байқау

Түркістан қаласының облыс орталығына 1 жыл болуына арнап облыс жастары арасында «Қол өнер», «Мүсінші», «Сәулетші», «Дизайнер» бағыттары бойынша «Түркістан ART Fest» атты байқау болып өтті. Байқаудың мақсаты жастардың бойындағы дарынды ашып, оларға дұрыс бағыт беру. Түркістан облыстық «Жастар ресурстық орталығы» ұйымдастырған бұл байқауға барлық ауданның жастары келіп, өз өнерлерін паш етті. Осы байқауға колледжіміздің жас маманы Нысова Жадыра апайымыз да қатысып, жүлделі II орын иегері атанды. Жүлделі орын иегерлеріне 100000, 70000, 50000 теңгелік сертификаттар тарқатылды.

2019 жылы «Ең үздік жас механизатор-2019» облыстық байқауында III курс студенті Маханбетәлі Сапар I орынды қанжығасына байласа, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері арасында өткізілген «Үздік механизатор-2018» сайысында өндірістік оқыту шебері Қ.Қобланов I орынды иеленген.

2019 жыл «Жастар жылына» орай ұйымдастырылған Келес аудандық «Жайдарман» ойындарына №13 колледж жастары қатысып, жоғары деңгейде өнер көрсеткені үшін жүлделі II орынды жеңіп алды.

2019 жылы «Достығымыз жарасқан» атты көңілді старт ойындары

Денсаулық деген сөз-деніңнің саулығы деген мағынаны білдіреді. Деніңнің аурудан аман, қайратты, жігерлі, көңілдің көтеріңкі болуының өзі-денсаулықтың белгісі. Дене мүшелерінің, ішкі ағзалардың бірі ауырса, адамның денсаулығы нашарлап, көңіл күйі түседі, еш нәрсеге зауқы болмайды. "Тәні саудың -дені сау" демекші, егер адам әрдайым жақсылық жасап, алғыс алып жүрсе оның жан дүниесі, тәні таза болады. Егер тәнің сау болса, онда денің де сау болады. - Адамның ішкі ойы таза болса, дені де сау болады. Барлық уақытта адамдар мен айналаң туралы жақсы ойласаң және оларға жақсылық тілесен, өзінді әрқашан жақсы сезінесің. Адам баласы үшін денсаулықтан асқан байлық жоқ. Ол ақшаға сатылмайтын, ешбір бағалы затпен тең келмейтін байлығымыз. Сондықтан ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде демекші 12.06.2019 жылы №13 колледжде жалпы қызметкерлер арасында дене шынықтыру пәндерінің жетекшілігімен ұйымдастырылған «Достығымыз жарасқан» атты директордың кубогына арнап эстафеталық көңілді старт ойындары болып өтті. Іс-шараның мақсаты ұстаздарға оқу жылын көңілді аяқтап, жаңа оқу жылын тың идеялармен бастау болып табылады. Колледжіміздің директоры Козыбаев Жаксылық Ақылбекович іс-шараны жақсы көңіл күймен ашып берді. Нәтижелі өнер көрсеткен қызметкерлерді құттықтап, марапттады, бағалы сыйлықтар табысталды.

2019 жылы «Үздік аспазшы-2019» байқауына белсене қатысқаны үшін III-курс студенті Ргебаева Ұлжан

2019 жылы "Жастар жылы" аясында "NurOtan" партиясының 20 жылдығына орай жастарға салауатты өмір салтын насихаттау, жастарды отансүйгіштік-патриоттық тәрбиеге баулу мақсатында аудандық мекемелер арасында өткен волейболдан біздің колледждің жастары жүлделі III орынды жеңіп алды.

2019 жылы Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасы мен Түркістан облысының әдістемелік орталығының ұйымдастырумен Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшыларының арасында өткізілген "Табысты менеджер -2019" облыстық байқауында №13 колледж басшысы Козыбаев Жақсылық Акилбекович I орынға ие болды.

2019 жылы Облыстық әдістемелік орталықтың ұйымдастырумен Кентау қаласында Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтарының арасында өткен "Үздік колледж оқытушысы-2019" облыстық байқауында №13 колледждің арнайы пән оқытушылары қатысып, керемет өздерінің өнерлерін көрсетіп нәтижелі орындарға қол жеткізді. Атап айтқанда "Жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету" құзіреттілігі бойынша арнайы пән оқытушысы Аденбеков Мейірбек III-орын, "Ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторларды жөндеушісі слесарь" құзіреттілігінен Ходжагельдиев Сапар III-орын, IT саласының арнайы пән оқытушысы Зульпухарова Гулжан III-орынға ие болып, естелік сыйлықтар табыс етіліп, арнайы мақтау дипломдарымен марапатталды.

2019 жылы Салтанатты жиын барысында 2019 жылдың 22–25 сәуір аралығында Түркістан облыстық білім басқармасының және әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен «WorldSkills TURKESTAN-2019» облыстық чемпионатына қатысқан және жүлдегер атанған студенттерді жеңістерімен марапаттады. №13 колледжден 6 білім алушы чемпионатқа қатысты. Олар: «Жеңіл автокөлікке қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» құзіреттілігі бойынша Анарбай Ерұлан, «Аспаз ісі» құзіреттілігі бойынша Ргебай Ұлжан, «Веб дизайн және әзірлемесі» құзіреттілігі бойынша Жақсылық Бағдаулет, «Дәнекерлеу ісі» құзіреттілігі бойынша Кеңесов Серік, «Ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторлардың слесарь жөндеушісі» құзіреттілігі бойынша Сапар Маханбетәлі, «Сән технологиясы» құзіреттілігі бойынша Жүзбаева Жанела мамандықтары бойынша бақ сынады. Нәтижесінде "Жыл шебері-2019" инновациялық жобалар көрмесінде озық жобаларымен ерекшеленіп кәсіби біліктіліктерін жоғары дәрежеде көрсетіп "Ретро электромобиль-13" автокөлігі бас жүлдеге ие болды. Жоба жетекшісі өндірістік оқыту шебері Рустемов Қуаныш, шәкірті Түймебай Бекзат және Кентау қаласында өткен "Веб дизайн және әзірлемесі" құзіреттілігі бойынша II-орынға Жақсылық Бағдаулет, жетекшісі Мирзахметова Райса ие болды.

2019 жылы ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР КӨРМЕСІНДЕ БАС ЖҮЛДЕ

№13 колледж МКҚК "WORLD SKILLS TURKESTAN-2019" облыстық чемпионаты аясында өткізілген "Жыл шебері-2019" инновациялық жобалар көрмесінде озық жобаларымен ерекшеленіп кәсіби біліктіліктерін жоғары дәрежеде көрсетіп "Ретро электромобиль-13" автокөлігі бас жүлдеге ие болды. Жоба жетекшісі өндірістік оқыту шебері Рустемов Қуаныш, шәкірті Түймебай Бекзат және Кентау қаласында өткен "Веб дизайн және әзірлемесі" құзіреттілігі бойынша II-орынға Жақсылық Бағдаулет, жетекшісі Мирзахметова Райса ие болды.

2020 жылы «WorldSkills Turkestan-2020» облыстық чемпионатында колледжімізден 6 мамандық бойынша шәкірттеріміз қатысып, өздерінің бақтарын сынады. Облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өтіп жатқан колледждердегі түрлі сала бойынша сайыстардың, сарапшылардың берген бағасының қорытындысына сәйкес үздіктер анықталды. Оңғар Мейіржан жетекшісі Ермекбаева Мәншүк жүлделі 3 орынды жеңіп алды.

2020 жылы III-орын. 31.01.2020 жылы Түркістан жоғары аграрлық колледжінің базасында «Тамақтандыруды ұйымдастыру» құзыреттіліктері бойынша арнайы пән оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлерінің арасында WorldSkills халықаралық стандарттары бойынша және облыстық, республикалық чемпионаттардың тапсырмалары негізінде әзірленген модульдер негізінде өтті. Бұл байқауға №13 колледждің өндірістік оқыту шебері Кенжебаева Замира Машарапқызы III-орынға ие болды.

2020 жылы «WorldSkills Turkestan-2020» облыстық чемпионатында 3-курс студенті Кеңесов Серік жетекшісі Турлыбеков Бақытжан жүлделі 3 орынды жеңіп алды

2020 жылы «WorldSkills Turkestan-2020» облыстық чемпионатында 3-курс студенті Қурбанов Исмайл жетекшісі Зульпухарова Гулжан «Желілік және жүйелік әкімшілік» құзіреттілігі бойынша облыстық чемпионаттан медальмен марапатталды.

2020 жылы «WorldSkills Turkestan-2020» облыстық чемпионатқа қатысып өздерін жан-жақты көрсете алғаны үшін Рустам Бейбарыс жетекшісі Жолдасбеков Спабек «Ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторларды жөндеуші слесарь» құзіреттілігі бойынша медальмен.

2021 жылы Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасы, «Облыстық қосымша білім беруді дамыту орталығы» ұйымдастыруымен «Түркістан: көне мен келешек көпірі» атты өнер фестивалінде ІІ-орынға ие болды.